Бекітілді
«Babi» жеке бобекжайының
әдіскері Махамбет Қ.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«"Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы"»
(Мақал-мәтел)

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы): "Babi" жеке балабақшасы**
**Топ:** «Болашақ» ересек тобы
**Бала жасы: 4 жастағы балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 28.04-02.05.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 28.04.2025ж | Сейсенбі 29.04.25 | Сәрсенбі 30.04.2025ж | | Жұма 02.05.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй күмбірі:** Дина Нұрпейісова «Бұлбұл» | Нейро жаттығуларды орындап, өздеріне ұнаған суретті таңдап амандасу. **Күй күмбірі:** Әбдімомын Желдібаев «Ерке сылқым» | Балалардан ауа –райы қалай екендігін сұрау. Балабақшаға қалай жеткендігін, көңіл-күйін сұрап қарсы алу. **Күй күмбірі.** Құрманғазы Сағырбайұлының «Ақсақ киік» | | Түрлі-түсті жолдақтардан өтіп, өзіне ұнаған смайликтерді таңдап, оны қайталап, өзінің бүгінгі көңіл- күйін білдіру. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Адай» |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут:** «Сыйластық құрметтің белгісі» Балаңызбен бірге үйдегі сыйластық ережелерін құрастырып | **Өнегелі 15 минут:** «Қуаныш, бақыт, шаттық!» Балаңызбен бірге қуаныш, бақыт жәйлі сөйлесіңіз. Қиындықтардың | **Өнегелі 15 минут:** «Мейірімділік жанның емі» балаңызбен мейірімділік туралы сөйлесіңіз. Балабақшада ойын барысында мейірімділік жасаған кезі | | **Өнегелі 15 минут:** «Сиқырлы сөздер» Балаңызға «рахмет», «қош келдіңіз»,«кешірім өтінемін» тағы басқа сөздерді айтуға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіріңіз. Сәлемдесу, рұқсат сұрау деген сияқты қарапайым нәрселерден бастаңыз. йластық құрметтің белгісі» | шешмін табуға көмектесіңіз. Қуанышқа бөлейтін кішкене сәттерден бастап көрсетіңіз. | болды ма екен сұрап көріңіз. Мейірімділік жасаған адамдар әрекетін мысалға көрсетіңіз. | | дағдыландырыңыз. Күнделікті қолданадыма мән беріңіз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Менің Қазақстаным»** Қ.Р Әнұран орындау **Көркем әдебиет,қазақ тілі*****<br>Кітап бұрышындағы «Шаруа мен аю», «Түлкі мен ешкі» ертегі Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін атату. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ойын:«Көктем мезгілі» Шарты:Берілген картокадан көктем мезгілінің суретін атап, көлеңкесіне орналастыру. | **Математика негіздері,құрастыру**<br>Үстел-үсті ойыны: «Мозайка» Шарты: Мозайканың түстерін ажыратып,түрлі бейнелер құрастыру. | | **Көркем әдебиет,қазақ тілі*****<br>Дидактикалық ойын: «Қандай ертегінің суреті?» Шарты: Ертегілердің суреттері көрсетіледі, балалар суреттерге қарап қандай ертегігі келетінің тауып айту керек. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну:** Суды үнемдеу күнделікті бақылау парағын жүргізу. Ас мәдениетімен таныстыру.Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Астарың дәмді болсын. (Мәдени гигеналық дағдылар,сөйлеуді дамыту,көркем сөзді | Таңғы астың күні бойын күш-қуатты артырып, есте сақтау қабілетін жақсартатынын айту. Сондықтан таңғы асты ішіп жүруге кеңес беру. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз,күлмейміз Астан басқа өзгені, | **Үнемді тұтыну:** Тамақтану барысында ысырапшылдыққа жол бермеу керектігін үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау.) Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. | | Таңғы асқа көмірсу мен ақуызға толы тағамдар жеу керегін айту. Мысалы: нанға жағылм май, ірімшік, түрлі таңғы ботқалар. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Тамақтанып болған соң, Ыдыстарды жуамыз, Еденді де сыпырып |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталау.)<br>Жуын тамақ алдында<br>Жуын тамақ соңында.<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | Елемейміз,білмейміз.. | | | Біз қолқанат боламыз |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту**<br>Дидактикалық ойын «Бұл қандай құс?»<br>Шарты: Тәрбиеші карлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп,әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атап әңгімелеу. | **Көркем әдебиет, қазақ тілі*****<br>Дидактикалық ойын: «Кімнің сөздері»<br>Шарты: Балаларға ертегі кейіпкердің сөзіне қарай, қандай кейіпкер және қандай ертегі туралы тауып айту керек.<br>"Бер менің құйрығымды"<br>(Мысық "Мақтақыз бен мысық" ертегісінен) | **Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі****<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі кейіпкері»<br>Шарты: Қоржынға балаларға таныс ертегілер кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтары салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығып қоржын ішінен бір ойыншықты алып: бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Ол не істейді? Ол қандай? | | **Құрастыру**<br>Ойын: «Таяқшалар»<br>Шарты: Балалар санау таяқшасымен түрлі бейнелер құрастырады. |
| **Кестеге сәйкес ҮІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүру.<br>Еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Қимылды ойын: | **Компьютерлік сауаттылыққа үйрету** (пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қазақ тілі**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: | | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Сағат»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүру.<br>Еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>Қимылды ойын:<br>«Үш табан»<br>**Математика негіздері,**<br>Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»<br>Балаларға геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын кеңейту. Геометриялық пішіндерге ұқсас заттар ды табу.<br>**Сурет салу,жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс: «Қызғалдақ»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1-топ: Қызғалдақ суретін қиып жапсыру.<br>2-топ: Ермексазбен мүсіндеу.<br>3-топ: Дәстүрден тыс әдісі арқылы шанышқыны гуашқа батырып гүлді салу. | «Асықты тігіп ойнау»<br>**Сөйлеуді дамыту, сурет салу**<br>Тақырыбы: «Ауылда»<br>Балаларға ауыл туралы түсінік беру. Ауылдың тыныс тіршілігімен таныстыру,ауылдағы еңбек туралы әңгімелету.<br>Балаларға ауылдың суретін бояту.<br>**Жапсыру, мүсіндеу,**<br>Шығармашылық жұмыс: «Бұйра қошақан»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1-топ: Қошақан суретке мақта жапсыру.<br>2-топ: Ермексазбен толықтыру мүсіндеу.<br><br>***Жоба жұмысы***<br>«Ертегі терапиясы»<br>Тақырыбы: Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрына саяхат жасау. | «Достық мерекесі»<br>Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізде мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен,салт-дәстүріне құрметпен қарауға әңгіме жүргізу.<br>«Достық» туралы тақпақ қайталау.<br>Ойын-әрекеті: «Пазла»<br>Шарты: Берілген суретті ажыратып атап,<br>**Сурет салу, мүсіндеу,жапсыру**<br>Шығармашылық жұмыс: «Түрлі-түсті жалаушалар»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1-топ: Түрлі түсті қағаздан қиып жіпке тізіп жалаушалар жапсыру.<br>2-топ: Ермексазбен мүсіндеу.<br>3-топ: Жалаушаларды түрлі-түсті гуашпен бояу. | | өту.<br>Қимылды ойын: «Аттар»<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Сурет салу**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Менің туған қалам мен ауылым»<br>Балаларға сурет арқылы туған қала мен ауыл туралы әңгімелеу.<br>Тіл ұсту жаттығуын қайталау.<br>Атқа тақты таға<br>Болсын таза жаға!<br>Аман болсын аға!<br>Үлестірмелі материал (19)<br>**Жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс «Киелі шаңырақ»<br>Балалар топқа бөліп отырғызу.<br>2 топ ермексаздан шаңырақты мүсіндейді.<br>3 топ қағазды орап, желім қолданып |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | уықтарын құрастырып жапсырады.<br>**Қауіпсіздік сабағы**<br>Тақырыбы: «Қауіпсіздік ережелері» туралы суретпен әңгімелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Дұрыс реттілікті сақтап ретімен киінулерін қадағалау.<br>(Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Аяқ киімдерін дұрыс оң-сол жағын ажыратып киюді үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Аяқ киімдерін дұрыс киюді қадағалау.<br>(Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | | Киімдерінің түймелерін тағуды үйрету.<br>(Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) |
| **Серуен** | Картотека № | Картотека № | Картотека № | | Картотека № |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафтарына киімдерін салып, шкафтарын таза жинау. Қолдарын сабынмен жуғызу, қол орамалды қолдануға үйрету. | Киімдерін шкафтарына дұрыс орнына жинауын қадағалау. Киімдерін белгі бір бір ретпен шешуді үйрету. | Серуеннен келген соң гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. | | Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қадағалау.<br>**Үнемді тұтыну:**<br>Гигиеналық шараларды орындау барысында жарықты үнемді пайдалануды айту. |
| **Түскі ас** | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, Тамақты асықпай, төкпей, ұқыпты ішу керектігін еске түсіру;тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп,тамақтан соң алғыс айтады.<br>(Мәдени гигиеналық | **«Үнемді тұтыну»**<br>Тамақтану барысынды ұқыптылық танытуға үйрету.<br>«Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау<br>(Мәдени гигиеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Асқа адалдық берсін! | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару қажет, тамақтан соң алғыс айтады. ( Мәдени гигеналық | | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.<br>(Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Пейіліңе қонақжай |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Сәбіз жесек бойымыз<br>Керікке де жетеді<br>Дәрумендер себебі<br>Бізге керек етеді. | Денге саулық берсін!<br>Дастарханға байлық берсін! | дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрек әрдайым<br>Жақсы болар жағдайың. | | Бата берем қолыңжай<br>Ақжарылған жүрегін<br>Қабыл болсын тілегің! |
| **Күндізгі ұйқы** | **Көркем әдебиет**<br>«Қаз бен түлкі» ертегісін оқып беру. | **Музыка*****<br>«Балапаным» әнін қосып, балаларды ұйықтату. | **Көркем әдебиет**<br>«Торғай мен тышқан» ертегісін оқып беру. | | **Көркем әдебиет**<br>«Алты түлкі» ертесін оқып беру. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ояну жаттығу кешені №16 | Ояну жаттығу кешені №16 | Ояну жаттығу кешені №16 | | Ояну жаттығу кешені №16 |
| **Бесін ас** | Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тамақтану ережесін түсіндіру. | Өзіне-өзі қызмет көрсету.Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. | Бесін астың ас мәзірімен таныстыру, тағамдардың пайдасы туралы әңгімелеу. | | Өзіне-өзі қызмет көрсету<br>Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тамақтану ережесін түсіндіру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Құрастыру, музыка*****<br>Ойын әрекеті:<br>«Қызғалдақ»<br>Шарты: Балалар суретке асықтардан қызғалдақ құрастыру.<br>«Көктем»әнін қайталау | **Құрастыру, математика негіздері**<br>Логикалық ойын:<br>«Үлкен-кіші»<br>Шарты: Берілген карточкадағы суреттерді салыстырып сызық арқылы табу.<br>Ойын: «Айсұлуға арналған моншақ»<br>Шарты: Балалар суретке асықтардан моншақ құрастыру. | **Құрастыру,музыка*****<br>Ойын әрекеті:<br>«Кемпірқосақ»<br>Шарты: Балалар суретке асықтардан кемпірқосақ құрастыру.<br>«Отан»әнін қайталау. | | **Математика негіздері, музыка*****<br>Дидактикалық ойын:<br>«Пішіндерді боя»<br>Шарты: Берілген карточкадан пішіндерді атап, түсімен сәйкестендіріп бояу.<br>Шарты:<br>«Отан»әнін қайталау |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ...рмен жеке ...ыс | Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге дағдыландыру. | Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыруға талпындыру. | Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салуға ынталандыру. | | Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге дағдыландыру. |
| **Серуенге дайындық** | Аяқ киімдерін дұрыс оң –сол жағын ажыратып киюді үйрету. | Сыртқы киімдерінің түймелерін дұрыс тағуға үйрету | Серуенге дайындық кезінде киіну барысында реттілік сақтап киінуді үйрету | | Өзіне-өзі қызмет көрсетуді үйрету. Киімдерін өз бетінше киюге үйрету. |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын:<br>«Соқыр теке» | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын:<br>«Хан талапай» | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын:<br>«Қыз қуу» | | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын:<br>«Күш сынасу» |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Психологтің кеңесі: «Саусақтармен ойнаймыз-тілді дамытамыз» | Ата-аналарға кеңес: «Ата-аналар,сіздер үшін» | Ата-аналарға ұсыныс балаларға ертегі оқу. | | Медбике кеңесі: «Дұрыс тамақтану» |

Scanned with CamScanner

Бекітілді____________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет Қ.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып өсіп өнер»
( Мақал-мәтел)

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы): "Babi" жеке балабақшасы**
**Топ:** «Болашақ» ересек тобы
**Бала жасы: 4 жастағы балалар**
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 21-25.04.2025ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 21.04.2025ж | Сейсенбі 22.04.25 | Сәрсенбі 23.04.2025ж | Бейсенбі 24.04.2025ж | Жұма 25.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Өз көңіл-күйін білдіретін смайликтерді таңдап, тақтаға жапсыру. **Күй күмбірі.** Қабылдау кезінде Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйін қосып қою. | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау **Күй күмбірі:** Дәулеткерей Шығайұлының "Қос алқа" күйін тыңдату. | «Нейро» жаттығу. Бала топқа тәрбиешімен бірге музыка әуенімен ойын-жаттығуды жасап жақсы көңіл күймен топқа кіреді. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Көңіл толқыны» күйін тыңдату. | Түрлі-түсті жолдақтардан өтіп, өзіне ұнаған смайликтерді таңдап, оны қайталап, өзінің бүгінгі көңіл- күйін білдіру. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Ақсақ құлан» күйін тыңдату. | Түрлі-түсті жолдақтардан өтіп, өзіне ұнаған смайликтерді таңдап, оны қайталап, өзінің бүгінгі көңіл- күйін білдіру. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Жайлау» күйін тыңдату. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут:** «Сенімділік» Жаңа істер:Балаға жаңа нәрселерді байқап көруге ынталандырыңыз. | **Өнегелі 15 минут:** Жаңа істер: «Жаңа нәрсе жасап көргенде,өзіңізді қалай сезіндің?» деген сұрақ қойыңыз. | **Өнегелі 15 минут:** Кеңестер: Ойды жеткізу: Балаңызға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беріңіз.Оның әр айтқанын мұқият тыңдап,пікірін | **Өнегелі 15 минут:** Кеңестер: Қателіктерден үйрну: Балаңыздың қателіктер жасаудан қорықпауын үйретіңіз. | **Өнегелі 15 минут:** Сұрақтар мен тапсырмалар: Бірге сенімділікті арттыратын кішкентай жаттығулар жасаңыз. Мысалы: «Өзіңнің мықты жақтарыңды үш |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрметтеңіз. | | рет қайталап айт» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Менің Қазақстаным»** Қ.Р Әнұран орындау **Көркем әдебиет,қазақ тілі*** ** Кітап бұрышындағы «Түлкі мен тырна», «Ақымақ қасқыр» ертегі Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін атату. | **Қоршаған ортамен таныстыру** Ойын:«Көлеңкесін тап» Шарты:Берілген картокадан жәндіктерді ажыратып атап, көлеңкесін тауып орналастыру. | **Математика негіздері, құрастыру** Нейро жаттығу ойыны: «Бейнеле» Шарты: Әдемі тастарды пайдаланып, спираль, түзу, қисық, ирек сызықтар үстіне бастырады. | **Құрастыру** Ойын-әрекеті: «Құрастырғыш» Шарты:Ағаш құстарғыштардан түрлі бейнелер құрсатыру. | **Көркем әдебиет,қазақ тілі*** ** Ойын-әрекеті: «Ертегі құрастыру» Шарты: Берілген ертегі суреттерді ажыратып, ретімен құрастырып әңгімелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 |
| **Таңғы ас** | Шырынның пайдасы жөнінде балаларға түсіндіру. Оның құрамында бәрімізге пайдалы дәрумендер бар екендігін білеміз. Шырынды жақсы ішсек ақылды болып өсеміз. ( (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Мөлдір су, мөлдір су Сен менің бетімді жу Отты көзім ойнасын Екі бетім жайнасын Күлкі кетпей ернімнен Тісім тастан таймасын | Таңғы астың пайдасы жөнінде түсіндіру. Тары ботқасының пайдасы туралы айтып беру. Тары ботқасын жесек біздің біздің бойымыз өсіп, ақылымыз көп болады. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз,күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз,білмейміз.. | **Үнемді тұтыну:**Тамақ қалдықтарын ысырап етпеу,үнемді пайдалану: Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау.) Өсіретін бойыңды Дамытатын ойыңды Қоянға да азықпыз, Сәбіздерміз жазықсыз . | Таңғы астың пайдасы жөнінде түсіндіру. Жүгері ботқасының пайдасы туралы айтып беру Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, суды шашыратпау білігін бекіту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау.) Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. | Гигиеналық шараларды өз бетінше орындауға үйрету. Қолын дұрыстап жуу, өз сүлгісінің орнын білу және сүлгіні іліп қоюға дағдыландыру. Астарың дәмді болсын айту. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Ақ тілектен ақтарып, Ақ батамды берейін. Ақ атамның ақ сөзін, Ақ мерей ғып төгейін. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ойын:«Қай мезгілде болады?»<br>Шарты: Суреттен мезгіл құбылыстарын айтуға әңгімелету. | **Көркем әдебиет, қазақ тілі*****<br>Табиғат бұрышындағы «Жануарлар әлемі» тіршілігін қарап, сурет бойынша сөйлем құрау.<br>Құстар туралы тақпақтарын айту. | **Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі****<br>Дыбыс жаттығуы :<br>Тем – тем – тем, Көңілді көктем.<br>Ыр – ыр – ыр, Жауады жаңбыр. | **Математика негіздері**<br>Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»<br>Шарты: Балалар картокадағы құстардың ұяшығына түстеріне сай құстарды орналастыру. | **Құрастыру**<br>Ойын: «Бөлме гүлдері»<br>Шарты: Гүлдер қиындыларын суретіне қарап,құрастыру. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүру.<br>Еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>Қимылды ойын: «Үш табан»<br>**Сөйлеуді дамыту математика негіздері,**<br>Тақырыбы: «Қайдан келдің бауырсақ?»<br>Сурет бойынша ертегінің мазмұнын | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Қимылды ойын: «Асықты тігіп ойнау»<br>**Математика негіздері сөйлеуді дамыту,**<br>Тақырыбы: «4 саны және цифры»<br>4 санымен таныстыру.<br>1-4 ке дейін санау.<br>Сандар қатарындағы 4 цифрының орнын анықта,4 цифры нешіні білдірсе,сонша моншақты боя. | **Компьютерлік сауаттылыққа үйрету**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қазақ тілі**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Су асты әлемі»<br>Балаларға су асты мекендеушілер туралы әңгіме жүргізу.<br>Тәжірибе жасап көрсету.<br>Су туралы тақпақ қайталау.<br>Су деген-өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>**Сурет салу,** | **Көркем әдебиет, қазақ тілі*****<br>Театрланған ойын: «Мақта қызбен мысық» қолғап ертегісі<br>Шарты:Балаларға видеороликтен ертегі желісін көрсету.<br>Ертегі кейіпкерлерін қолғап пен сахналау.<br>Қимылдарын,дыбысын қайталау.<br>**Жапсыру,мүсіндеу, сурет салу**<br>Шығармашылық жұмыс: «Терек»<br>1-топ: Терек бүршіктерін қағаздан қиып жапсыру.<br>2-топ: Ермексазбен мүсіндеу.<br>3-топ: Теректің бүршіктерін мақталы таяқшаны гуашқа батырып бояу.<br>**Үнемді тұтыну:**<br>Жапсыру іс –әрекеттінде | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы» Негізгі жаттығу:<br>Қысқа секіргішпен секіру.<br>Допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу (қатарынан 3-4 рет).<br>Қимылды ойын: «Аттар»<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Сурет салу**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Бақбақ»<br>Балаларға сурет арқылы дала гүлдері туралы әңгімелеу.<br>Видеоролик арқылы дала |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелету.Нанның дастарқанға келгенге дейінгі адамдар еңбегімен таныстыру. Сурет арқылы нан туралы тақпақ айтқызу. Мақал-мәтелдер қайталау. Ас атасы –нан. Тыйым сөздер. Нан-тіршілік көзі. Тыйым сөздер Нанды –бір қолмен үзбе. Нанды баспа. Бауырсақтың түсін,көлемін айту. **Сурет салу,жапсыру, мүсіндеу** Шығармашылық жұмыс: «Бауырсақ» 1-топ: Ермексазды домалақтап мүсіндеу. 2-топ: Бауырсақты қиып жапсыру. 3-топ: Ватма дисканы жапсырып үстіне пипеткамен бояу. | Барлық 4 цифрын тауып,оларды қоршап сыз. **Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу** Шығармашылық жұмыс: «Себет» Балалар топқа бөлініп отырады. 1-топ: Түрлі түсті қағаздарды қиып желіммен жапсыру. 2-топ: Ермексазбен мүсіндеу. 3-топ: Суретін салып субояқпен бояу. **Жоба жұмысы** «Ертегі терапиясы» Тақырыбы: «Түлкі мен бөдене» саусақ ертегісі | **мүсіндеу,жапсыру** Шығармашылық жұмыс: «Балық» Балалар топқа бөлініп отырады. 1-топ: Балық суретіне қағаз қиындыларын жапсыру. 2-топ: Ермексазбен мүсіндеу. 3-топ: Дәстүрден тыс әдісі арқылы сурет гуашпен балық суретін бояу. | желімді үнемді пайдалануды айту. | гүлдерін көрсету. Гүлдер туралы тақпақ қайталау. **Жапсыру, мүсіндеу** Шығармашылық жұмыс «Бақбақ» Балалар топқа бөліп отырғызу. 1-топ.Қағазды умаждау әдісі арқылы жапсыру. 2-топ. Ермексазды пайдалана отырып, мүсіндеу. **Қауіпсіздік сабағы** Тақырыбы: «Өрт -тілсіз жау» тақырыбында әңгіме жүргізу. Видеоролик арқылы балаларға түсіндіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілікпен өздігінен киінуге үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Түймелерін қадау, сырмаларын сыруға қадағалау. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Аяқ киімдерін дұрыс киюді қадағалау. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қадағалау. (Дербес қимыл –топ: белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Сыртқы киімдерінің түймелерін дұрыс тағуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ...руен | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну:** Табиғи ресустарды үнемдеу туралы әңгімелеу. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. | Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киуін қадағалау. | Балалардың серуеннен оралған соң сырт киымдерін, аяқ киімдерін шешуге көмектесу. | Топқа киетін киімдерін ауыстырып, дұрыс киуін қадағалау. | Қолдарын жуғызу, сүлгілерін орындарына қойғызу. **Үнемді тұтыну:** Гигиеналық шараларды орындау барысында жарықты үнемді пайдалануды айту. |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру, ас мәзірімен таныстыру, дәрумендердің пайдасы туралы айту. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) «Мөлдір су» «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | **«Үнемді тұтыну»** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: Суды үнемді пайдалану,кранды ашып тастамау. Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру, ас мәзірімен таныстыру, дәрумендердің пайдасы туралы айту. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Асқа адалдық берсін! Денге саулық берсін! Дастарханға байлық берсін! | «Ас адамның арқауы» Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, ( Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрек әрдайым Жақсы болар жағдайың. | «Ас адамның арқауы» Түскі ас мәзірімен таныстыру. Астарың дәмді болсын. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Асың,асың,асыңа Береке берсін басыңа Деніміз сау болсын, Нанымыз көп болсын.. | «Ас адамның арқауы» Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.) Ас атасы –нан Арпа, бидай ас екен. |
| **Күндізгі ұйқы** | **Көркем әдебиет** «Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беру. | **Музыка***** «Кел балдырған» әнін қосып, балаларды ұйықтату. | **Көркем әдебиет** «Шалқан» ертегісін оқып беру. | **Музыка***** «Достарым» әнін қосып, балаларды ұйықтату. | **Көркем әдебиет** «Бауырсақ» ертесін оқып беру. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру** | Ояну жаттығу кешені №16 | Ояну жаттығу кешені №16 | Ояну жаттығу кешені №16 | Ояну жаттығу кешені №16 | Ояну жаттығу кешені №16 |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **...аралары** | | | | | |
| **Бесін ас** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Ересектің бақылауымен бетін, колдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту. | Өзіне-өзі қызмет көрсету. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. | Өзіне-өзі қызмет көрсету Бесін астың ас мәзірімен таныстыру, тағамдардың пайдасы туралы әңгімелеу. | Өзіне-өзі қызмет көрсету.Бесін ас мәзірімен таныстыру. Астарың дәмді болсын. | Өзіне-өзі қызмет көрсету Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тамақтану ережесін түсіндіру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Құрастыру, музыка***** Ойын әрекеті: «Достарыма арналған үй» Шарты: Балалар суретке асықтардан үй құрастыру. «Мен өнерпаз бала»әнін қайталау | **Құрастыру** Ойын: «Әдемі ою» Шарты: Балалар суретке асықтардан оюқұрастыру. | **Құрастыру,музыка***** Ойын әрекеті: «Дәмді алма» Шарты: Балалар суретке асықтардан алма құрастыру. «Менің әжем»әнін қайталау. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.** Ойын: «Не өзгерді?» Шарты: Жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады. | **Математика негіздері, музыка***** Ойын әрекеті: «Саусакпен санды сәйкестендіру» Шарты: Берілген картокадағы сандармен саусақтарды сызық арқылы сәйкестендіру. «Қоштасу»әнін қайталау |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге, | Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салуға | Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға жетілдіру. | Қағаз парағын түрлендіруге, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер | Бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетуге, ойын ашық айтуға, өзінің пікірін білдіруге, өзімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оларды ажыратуға және атауға жетілдіру. | ынталандыру. | | құрастыруға талпындыру | санасуға, өзін құрметтеп ұнатуға дағдыландыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну ережесін сақтауды қадағалау. | Сыртқы киімдерінің түймелерін дұрыс тағуға үйрету | Аяқ киімдерін оң киюді қадағалау. | Аяқ киімдерінің бауларын дұрыс байлап киюге үйрету. | Өзіне-өзі қызмет көрсетуді үйрету. Киімдерін өз бетінше киюге үйрету. |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Шертпек» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Асық ату» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Сақина жасыру» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Күш сынасу» |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Медбике кеңесі: «Дәрумендер пайдасы» | Балалардың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың күн тәртібін сақтауды ұсыну. | Балалармен үйде ертегі айтып, талдауға кеңес беру. | Дәрігер кеңесі: «Тұмаудан сақтану» |

Scanned with CamScanner

**Бекітілді**__________
**«Babi» жеке бөбекжайының**
**әдіскері Махамбет Қ.М**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Еңбек бізге атақ,даңқ әперетін ерлік мағнасын тапты»
(Ғ.Мүсірепов)

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** "Babi" жеке балабақшасы
**Топ:** «Болашақ» ересек тобы
**Бала жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету):** 14-18.04.2025ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 14.04.2025ж | Сейсенбі 15.04.2025ж | Сәрсенбі 16.04.2025ж | Бейсенбі 17.04.2025ж | Жұма 18.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың денсаулығын тексеру, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Көңіл толқыны» күйін қосып қою. | Балалардың денсаулығын тексеру, балаларды көңіл-күй смайликтермен қарсы алу. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Ерке сылқым» күйін қосып қою. | Балаларды секіртпе ойынымен жақсы көңіл-күймен қарсы алу. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйін қосып қою. | Балалармен амандасу қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйін қосып қою. | Нейро жаттығуларын жасап,өздеріне ұнаған суреттерді таңдап амандасу. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Ақсақ киік» күйін қосып қою. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Өнегелі 15 минут»** Құндылықтың маңызы: Балаларға дұрыс құндылықтарды үйрету арқылы балаларыңыздың болашақта жауапты,әділ және қайырымды болып өсуіне жағдай жасайсыз. | **«Өнегелі 15 минут»** Жақсы үлгі көрсету: Балалар ата-анасының әрекеттерін қайталайды.Сондықтан құндылықтарды ұстанып үлгі болыңыз. | **«Өнегелі 15 минут»** Құндылықтар туралы әңгімелесу: Отбасы мүшелерімен бірге адалдық,жауапкершілік ,мейірімділік сияқты құндылықтар туралы әңгімелесу. | **«Өнегелі 15 минут»** Құндылықтарды күнделікті өмірде енгізу:Қарапайым іс-әрекеттер арқылы құндылықтарды күнделікті өмірге енгізіңіз. | **«Өнегелі 15 минут»** Құндылықтарды күнделікті өмірде енгізу: Мысалы қоқысты дұрыс жерге тастау,үлкендерге көмектесу,уәдені орындау. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **[Б]алалардың іс-[ә]рекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Менің Қазақстаным»** Қ.Р Әнұран орындау **Көркем әдебиет** Ертегі құрастыр: «Бауырсақ» Шарты: Ертегі желісі арқылы ретімен құрастырып әңгімелеу. | **Сөйлеуді дамыту** Мнемокесто арқылы ертегі құрастырып әңгімелеу. | **Математика негіздері** Ойын-әрекеті : «Түрлі түсті асықтар» Шарты: Асықтардың түстерін ажыратып атап,орналастыру. | **Математика негіздері,сөйлеуді дамыту** Дидактикалық ойын: «Кеңістікті бағдарлау» Шарты: Балалар алдарына берілген карточкадағы суреттерді ажыратып атап,сипаттап ретімен орналастырады. | **Көркем әдебиет, казақ тілі***** Кітап бұрышындағы Әжемнің ертегілері,аққу каздар ертегі кітаптарын суреттерін карап танысу, сурет бойынша өзара әңгімелесу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 | Кешен: №16 |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында ережелерді түсіндіру,ас болсын айту. Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпау. Астарың дәмді болсын айту. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау) Дастарханыңа береке берсін Бастарыңа мереке берсін Астарыңа адалдық берсін Дендеріңе саулық берсін. | **Үнемді тұтыну:** Балаларға нан қоқымын шашпауға аяқпен баспауға әңгімелеу. Таңғы астың күні бойын күш-қуатты артырып, есте сақтау қабілетін жақсартатынын айту. Астарың дәмді болсын айту. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау.) Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа! | Таңғы ас алдында ережелерді түсіндіру,ас болсын айту. Астарың дәмді болсын айту. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау) Қызылша сәбіз дәрумендер Бізге керек әрине Қуанады анамызда Жетілер деп санамызда. | Таңғы аска көмірсу мен ақуызға толы тағамдар жеу керегін айту. Мысалы: нанға жағылм май, ірімшік, түрлі таңғы ботқалар. ( Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау) Берейін бата асыңа, Амандық берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа. | Гигиеналық шараларды өз бетінше орындауға үйрету. Қолын дұрыстап жуу, өз сүлгісінің орнын білу және сүлгіні іліп қоюға дағдыландыру (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау) Қызылша сәбіз дәрумендер Бізге керек әрине Қуанады анамызда Жетілер деп санамызда. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеу дамыту** Ойын әрекеті: | **Математика негіздері** Санамақ қайталау. Күнге қарайық, Шашымызды тарайық. | **Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***** Көктем мезгілін суретпен әңгімелеу. | **Қоршаған ортамен таныстыру** Ойын: «Көктем мезгілі» Шарты: Берілген сурет | **Математика негіздері, сөйлеуді дамыту** Ойын: «Ұқсасын тап» Шарты: Берілген |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жәндіктер»<br>Шарты:Берілген картокадағы жәндіктерді ажыратып атап,көлеңкесіне орналастыру. | Керіліп дем алып,<br>Бойымызды жазайық. | Тіл ұстату жаттығуын қайталау.<br>Ғай – ғай – ғай,<br>Жарқылдайды найзағай.<br>Шек – шек – шек,<br>Шығады бәйшешек. | қарап көктем мезгілінің суретін ажыратып атап, көлеңкесіне орналастыру. | пішіндерді ажыратып атап,ұқсас заттарды тауып сипаттау. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы:<br>«Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүру.<br>Еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>Қимылды ойын:<br>«Үш табан»<br>**Математика негіздері,сурет салу**<br>Тақырыбы: «Оң жақ және сол жақ»<br>Балаларға оң және ұғымдарын түсіндіру.<br>Сол жақтағы қонжықты сары,ал оң жақтағыны | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы:<br>«Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Қимылды ойын:<br>«Асықты тігіп ойнау»<br>**Қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі*****<br>Тақырыбы: «Ұлттық киімдер»<br>Балаларға ұлттық киімдер туралы суретпен әңгіме жүргізу. Ұлттық киіммен жәй киімдерді ажыратып сандық пен чемоданға сызық арқылы салу. | **Компьютерлік сауаттылыққа үйрету**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қазақ тілі**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет**<br>Тақырыбы:<br>«Бұлт» ертегі<br>Балаларға ертегі мазмұнын оқып әңгімелеу.<br>«Долы бұлт»<br>Қ.Аманжолов өлеңі<br>Суырды көкте қылышын,<br>Нөсерлі қара төнді бұлт.<br>Тарылтып жердің тынысын.<br>Өрістен қашты төрт түлік,<br>Асыға үйге енді жұрт | **Көркем әдебиет, қазақ тілі*****<br>Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» өлеңі<br>Балалар жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Суретпен әңгіме құрастыру.<br>«Жаңбыр» Ү.Есдәулетов<br>Бұлттар неге ауады,<br>Жаңбыр қашан жауады?<br>Шөлдеді ғой торғайлар,<br>Шаң басты ғой ауаны.<br>**Сурет салу жапсыру,мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс:<br>«Жайлау»<br>1-топ: Жайлау суретін түрлі-түсті қарандаштармен бояу.<br>2-топ: Түрлі-түсті қағаздан қиып күн мен гүлді жапсыру.<br>3-топ: Ермексазбен жағу әдісімен гүлдер мүсіндеу. | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы:<br>«Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қысқа секіргішпен секіру.<br>Допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу (қатарынан 3-4 рет).<br>Қимылды ойын:<br>«Үш табан»<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Сурет салу**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тақырыбы:<br>«Кемпірқосақ»<br>Балаларға кемпірқосақ туралы суретпен әңгімелеу.Суреттен кемпірқосақ қай мезгілде болатынын |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коңыр түске боя.Оң жақтағы қонжықтың қолына сол жақтағы сияқты шарлардың суретін сал.<br>**Жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс:<br>«Шарлар»<br>2-топ: Түрл-түсті қағазды қиып жапсыру.<br>3-топ: Ермексазбен мүсіндеу. | Үлестірмелі материал (7бет)<br>Тіл ұстату жаттығуы.<br>Он – он – он<br>Тері тон.<br>Пақ – пақ – пақ<br>Киіз байпақ<br>**Жапсыру,сурет салу, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс:<br>«Сырмақ»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1 –топ: Түрлі түсті қағазды қиып жапсыру.<br>2 –топ: Ермексазбен жағу әдісі арқылы мүсіндеу.<br>3-топ: Сырмақ суретіне түрлі түсті етіп қылқаламды субояққа батырып бояу.<br><br>***Жоба жұмысы***<br>«Ертегі терапиясы»<br>Тақырыбы: «Түлкі мен бөдене» ертегісі | Салатындай бір бүлік, Ақырды жерге долы бұлт<br>**Сурет салу, мүсіндеу,жапсыру**<br>Шығармашылық жұмыс:<br>«Бұлт»<br>1-топ: Бұлт суретін салып салып бояу.<br>2-топ: Ермексазбен толықтырып мүсіндеу.<br>3-топ: Бұлт суретін қиып жапсыру. | **Үнемді тұтыну:**<br>Ермексазды тиімді пайдалануға әңгімелеу. | белгілеу.<br>(Үлестірмелі материал 33 бет)<br>**Жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс:<br>«Кемпірқосақ»<br>1-топ:Кемпірқосақ суретіне түрлі-түсті қағаздан қиып жапсыру.<br>2-топ: Ермексазбен жағу әдісімен мүсіндеу.<br>**Қауіпсіздік сабағы**<br>Тақырыбы: «Абайлаңыз терезе»<br>Терезе маңындағы тәртіп ережелері туралы әңгіме жүргізу.<br>Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз.<br>Терезе үстінде,алдында ойнамаймыз.<br>**Үнемді тұтыну:**<br>Балаларға отбасы бюджетін үнемді пайдалануға әңгімелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге киіну ережесін айту .Ауа райына сай киіну керектігін айту. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі | Өз бетінше киінуге, түймелерін тағуға үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Өз бетінше киінуге, Күртешелерінің сырмаларын тағуға үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі | Өз бетінше киінуге , бәтеңкенің бауларын байлауға үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі | Өз бетінше киінуге және достарына көмектесуге үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызмет ету) | | қызмет ету) | қызмет ету) | қызмет ету) |
| **Серуен** | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну:** Балаларға топ бөлмегі электр жарығын үнемді тұтынуға әңгімелеу. Өз шкафтарына киімдерін салып, шкафтарын таза жинау. Қолдарын сабынмен жуғызу, қол орамалды қолдануға үйрету. ( Мәдени гигиеналық шаралар,өз-өзіне қызмет ету) | Өз шкафтарын тауып, киімдерін ауыстыру, шкафтарын таза жинау,Аяқ киімдерін дұрыс қоюды үйрету. ( Мәдени гигиеналық шаралар,өз-өзіне қызмет ету) | Өз шкафтарына киімдерін реттілікпен таза жинауға үйрету. ( Мәдени гигиеналық шаралар,өз-өзіне қызмет ету) | Өз шкафтарын тауып, киімдерін ауыстыру, тегістеп сөрелерге орналастыруды үйрету. ( Мәдени гигиеналық шаралар,өз-өзіне қызмет ету) | Өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету. ( Мәдени гигиеналық шаралар,өз-өзіне қызмет ету) |
| **Түскі ас** | **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, Тамақты асықпай, төкпей, ұқыпты ішу керектігін еске түсіру;тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп,тамақтан соң алғыс айтады. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Қызылша сәбіз<br>дәрумендер<br>Бізге керек әрине<br>Қуанады анамызда | **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, Балалардың назарын тағамға аудару қажет. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Асың, асың, асыңа,<br>Бақыт қонсын басыңа.<br>Бірлік берсін басыңа,<br>Береке берсін асыңа. | **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Балалардың тамақты асықпай жеуге түйсіндіру. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Берейін бата асыңа,<br>Амандық берсін басыңа.<br>Бөденедей жорғалап,<br>Қыдыр келсін қасыңа. | **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тамақтану алдында балалардың ыстық тамаққа күйіп қалмауын ескерту. Астың дәмді болуын тілеп,тамақтан соң алғыс айтады. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Асың, асың, асыңа,<br>Береке берсін басыңа!<br>Бөденедей жорғалап,<br>Қырғауылдай қорғалап,<br>Қыдыр келсін қасыңа! | **«Ас адамның арқауы»** Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау,тамақты тауысып жеуге, тамақтан соң алғыс айтады. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Дастарханыңа береке берсін<br>Бастарыңа мереке берсін<br>Астарыңа адалдық берсін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жетілер деп санамызда. | | | | Дендеріне саулық берсін |
| Күндізгі ұйқы | **Музыка*****«Тәтті балапаным» әнін тыңдатып ұйықтату. | **Көркем әдебиет** «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқып беру. | **Музыка*****«Бесік жыры» әнін тыңдатып ұйықтату. | **Көркем әдебиет** «Піл мен тышқан» ертегісін оқып беру. | **Музыка***** «Ертегілер елінде» әнін тыңдатып ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Кешені №16 | Кешені №16 | Кешені №16 | Кешені №16 | Кешені №16 |
| **Бесін ас** | Өз-өзіне қызмет көрсету Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тамақтану ережесін түсіндіру. | Өз-өзіне қызмет көрсету Тамақтану кезінде сөйлеспеу керек екендігін үйрету. Тамақтану мәдениетін сақтауға үйрету. | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Ыдыс түрлерін дұрыс пайдалануға үйрету. | Өз-өзіне қызмет көрсету Бесінді астың ас мәзірімен таныстыру, тағамдардың пайдасы туралы әңгімелеу. | Өз-өзіне қызмет көрсету Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Құрастыру,қазақ тілі***** Сюжеттік рөлдік ойын: «Шеберхана» Шарты: Балаларға шеберхана құралдарымен таныстыру.Рөлдерге бөлініп ойнау. Жаңылтпаштар қайталау. | **Құрастыру, музыка***** Еркін ойын: «Пазло» Шарты: Суретке қарап пазло құрастыру. «Би,би,биле» қимылдарын қайталау. | **Құрастыру** Еркін-ойын: «Құрастырғыштар» Шарты:Ұсақ құрастырғыштармен өз ойларымен түрлі бейлер құрастырып ойнау. | **Құрастыру,музыка***** Сюжеттік рөльдік ойын: «Құрылысшы» Шарты: Балалар құрылысшы ажыратып атап,құралдарымен бөлініп ойнайды. Ырғақты ойын: «Доп» Шарты: Дөңгелене отырып әуен арқылы допты қасықпен бір-біріне жалғастыру. | **Құрастыру** Ойын-әрекеті: «Гараж» Шарты: Ұсақ құрастырғыштардан гараж құрастырып ойнау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес | Суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін | Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыруға | Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап | Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге дағдыландыру. | білуге ынталандыру. | ынталандыру. | айтуға талпындыру. | ережелерін білуге жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуді үйрету. Киімдерін өз бетінше киюге үйрету. | Аяқ киімдерін дұрыс оң –сол жағын ажыратып киюді үйрету. | Сыртқы киімдерінің түймелерін дұрыс тағуға үйрету **Үнемді тұтыну:** ата – анасының алып берген киімдерін мұқият киюге үйрету. | Серуенге дайындық кезінде киіну барысында реттілік сақтап киінуді үйрету | Аяқ киімдерінің бауларын дұрыс байлап киюге үйрету. |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі ***** Ұлттық ойын: «Соқыр теке» | **Дене тәрбиесі ***** Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» | **Дене тәрбиесі ***** Ұлттық ойын: «Тауық күрес» | **Дене тәрбиесі ***** Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ» | **Дене тәрбиесі ***** Ұлттық ойын: «Ханталапай» |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Медбике кеңесі: «Тұмаудың алдың алу» | Ата-аналарға кеңес: «Баланы қалай тәрбиелеу керек!» | Медбике кеңесі: «Дәрумендер пайдасы» | Ата –аналарға балаларына ертегі айтуға ұсыну . | Ата-аналарға балалар қайшы ұстатуға дағдыландыру. |

Scanned with CamScanner

Бекітілді
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет Қ.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»
(Леонардо да Винчо)

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы): "Babi" жеке балабақшасы**
**Топ:** «Болашақ» ересек тобы
**Бала жасы: 4 жастағы балалар**
***Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 07-11.04.2025ж***

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 07.04.2025ж | Сейсенбі 08.04.25 | Сәрсенбі 09.04.2025ж | Бейсенбі 10.04.2025ж | Жұма 11.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалар өз шкафтарындағы нейро жаттығуларын орындап, музыкамен әуенімен топқа кіреді. **Күй күмбірі.** Қабылдау кезінде Қ. Сағырбайұлының «Ақсақ киік» күйін қосып қою. | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Балбырауын» күйін тыңдату. | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Көңіл толқыны» күйін тыңдату. | Баланың қалай ұйықтағанын, қандай көңіл күймен келгендігін сұрау. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Сарыарқа» күйін тыңдату. | Түрлі-түсті жолдақтардан өтіп, өзіне ұнаған смайликтерді таңдап, оны қайталап, өзінің бүгінгі көңіл- күйін білдіру. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйін тыңдату. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут:** «Барлығы сыйластықтан басталады» Балаңызға сыйластық туралы түсіндіріңіз. Сәлемдесу, рұқсат сұрау деген сияқты қарапайым нәрселерден бастаңыз. | **Өнегелі 15 минут:** «Кішіпейілділік-кісіліктің белгісі» Балаңызбен кішіпейілділік туралы сөйлесіңіз. Сіз кішіпейіл болған бір оқиғаңызды мысалға келтіріңіз. | **Өнегелі 15 минут:** «Біз саған сенеміз» Балаңызға сенім білдіріңіз, сенімнің жүгін түсіндіріңіз. Қателіктерін түзеуге мүмкіндік беріп, қолдау білдіріңіз. | **Өнегелі 15 минут:** «Сиқырлы сөздер» Балаыңызға «рахмет», «қош келдіңіз»,«кешірім өтінемін» тағы басқа сөздерді айтуға дағдыландырыңыз. Күнделікті қолданадыма мән | **Өнегелі 15 минут:** Балаңызбен жауапкершілік жөнінде әңгімелесіңіз. Жауапкершіліктің үлгісі ретінде балаңызбен үй шаруасындағы бір міндетті бірге орындаңыз. Оған осы |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | беріңіз. | міндеттің маңызын түсіндіріңіз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Менің Қазақстаным»**<br>Қ.Р Әнұран орындау<br>**Көркем әдебиет,қазақ тілі*****<br>Кітап бұрышындағы «Әжемнің ертегілері», «Аққу қаздар» ертегі Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін атату. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ойын:«Көлеңкесін тап»<br>Шарты:Берілген картокадан көкөністерді ажыратып атап, көлеңкесін тауып орналастыру. | **Математика негіздері,құрастыру**<br>Үстел-үсті ойыны: «Домино»<br>Шарты: Ою-өрнектердің суреттерін ажыратып атап,рет-ретімен орналастырып құрастыру. | **Құрастыру**<br>Ойын-әрекеті: «Таяқшалар»<br>Шарты: Таяқшалар арқылы суреттеріне қарап құрастыру. | **Көркем әдебиет,қазақ тілі*****<br>Ойын-әрекеті: «Ертегі құрастыру»<br>Шарты: Берілген карточкадағы суреттерді әңгімелеп ретімен орналастыру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Кешен: №15 | Кешен: №15 | Кешен: №15 | Кешен: №15 | Кешен: №15 |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну:** Су-тіршілік көзі туралы әңгімелеу.<br>Ас мәдениетімен таныстыру.Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Астарың дәмді болсын. (Мәдени гигеналық дағдылар,сөйлеуді дамыту,көркем сөзді қайталау.)<br>Жуын тамақ алдында<br>Жуын тамақ соңында.<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | Таңғы астың пайдасы жөнінде түсіндіру.<br>Жүгері ботқасының пайдасы туралы айтып беру. Жүгері ботқасын жесек біздің біздің бойымыз өсіп, ақылымыз көп болады. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз,күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз,білмейміз.. | **Үнемді тұтыну:**Тамақты сақтау әдістерін дұрыс тиімді пайдаланыңыз.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау.)<br>Сөйлемейміз,<br>күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Ойламаймыз білмейміз. | Таңғы астың пайдасы жөнінде түсіндіру.<br>Күріш ботқасының пайдасы туралы айтып беру Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, суды шашыратпау білігін бекіту.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. (Мәдени гигеналық дағдылар, көркем сөзді қайталау.)<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін. | Таңғы ас мәзірімен таныстыру. Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.Астарың дәмді болсын айту. (Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Тамақтанып болған соң,<br>Ыдыстарды жуамыз,<br>Еденді де сыпырып<br>Біз қолқанат боламыз |
| **Ұйымдастырылған іс-** | **Қоршаған ортамен** | **Көркем әдебиет,** | **Сөйлеуді дамыту,** | **Математика негіздері** | **Құрастыру** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекетті өткізуге дайындық** | **таныстыру,сөйлеуді дамыту**<br>Дидактикалық ойын «Мамандықтың бәрі жақсы»<br>Шарты: Суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да,сол мамандық туралы әңгімелейді. | **қазақ тілі*****<br>Ойын:«Айтшы қандай?»<br>Шарты:Тәрбиеші (немесе бала) қорапшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттың атауы мен белгісін айтады. | **қазақ тілі****<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі кейіпкері»<br>Шарты: Қоржынға балаларға таныс ертегілер кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтары салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығып қоржын ішінен бір ойыншықты алып: бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Ол не істейді? Ол қандай? | Дидактикалық ойын: «4 санын бояу»<br>Шарты: Балалар карточкадағы 4 санын ажыратып,бояу. | Ойын: «Әдемі үйшік»<br>Шарты: Балалар өз еріктерімен құрастырғыштармен үйшік құрастырады. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүру.<br>Еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>Қимылды ойын: | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Қимылды ойын: «Асықты тігіп ойнау»<br>**Сөйлеуді дамыту, математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Қоянның | **Компьютерлік сауаттылыққа үйрету**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қазақ тілі**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Аспан әлемі»<br>Аспан әлемі өте үлкен болып келеді. Онда тоғыз планета оның ішінде жер | **Көркем әдебиет, қазақ тілі*****<br>Театрланған ойын: «Қасқыр мен ит» ертегі<br>Шарты:Балаларға видеороликтен ертегі желісін көрсету.<br>Ертегі кейіпкерлерін бетперде арқылы сахналау.<br>Қимылдарын,дыбысын қайталау.<br>**Жапсыру,мүсіндеу, сурет салу**<br>Шығармашылық жұмыс: "Әуе шарлары".<br>1-топ: Түрлі түсті қағаздан қиып жапсыру. | **Дене тәрбиесі**<br>№2 ЖДЖ құралмен.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Күннің жылуы»<br>Негізгі жаттығу:<br>Қысқа секіргішпен секіру.<br>Допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу (қатарынан 3-4 рет).<br>Қимылды ойын: «Асықты тігіп ойнау»<br>**Музыка**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**Сурет салу**<br>(пән мұғалімінің жоспары бойынша) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Үш табан»<br>**Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Заттар тобын теңестіру»<br>Шеңбер мен шаршыдағы кеселердің саны туралы не айтуға болады?<br>Жоғарыдағы тіктөртбұрышта қанша дөңгелек болса, төмендегі тіктөртбұрышқа сонша дөңгелек суретін сал.<br><br>**Сурет салу,жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс: «Күн»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1-топ: Күн суретін қиып жапсыру.<br>2-топ: Ермексазбен мүсіндеу.<br>3-топ: Күн суретіне саусақты бояуға батырып шуағын салу. | туған күні»<br>Сурет бойынша ертегіні ойлап табуға,ондағы бірнеше кейіпкерлердің рөлін көркемдеп сипаттау.<br>Қоянның құлағы нешеу?<br>Санамақ қайталау.<br>**Жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс: «Қоян»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1-топ: Қоян бөліктерін қиып жапсыру..<br>2-топ: Ермексазбен толықтырып мүсіндеу.<br><br>**Жоба жұмысы**<br>«Ертегі терапиясы»<br>Тақырыбы: «Үш жалқау» ертегісі | шары да бар. Ай, жұлдыз, жер серіктері бар екен. Аспан әлеміндегі ауа қысымы жоғарырақ. Ғарышқа арнайы ғарышкерлер ғана зымыранмен ұша алады.<br>Тақпақ қайталау.<br>**Сурет салу, мүсіндеу,жапсыру**<br>Шығармашылық жұмыс: «Ай мен жұлдыздар»<br>Балалар топқа бөлініп отырады.<br>1-топ: Губканы пайдаланамыз. Бояуға малып, қағаз бетін бір тегіс етіп бояп шығамыз. ай мен жұлдыздардың сұлбасын бейнелейміз.<br>2-топ: Ай мен жұлдызшалар қиып жапсырамыз.<br>3-топ: Ермексазбен мүсіндеу. | 2-топ: Ермексазбен мүсіндеу.<br>3-топ: Әуе шарлар суретін субояқпен бояу.<br><br>**Үнемді тұтыну:**<br>Мүсіндеу іс –әрекеттінде ермексазды үнемді пайдалануды айту. | **Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы:"Зымыран".<br>Балаларға сурет арқылы көліктер туралы әңгімелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>**Жапсыру, мүсіндеу**<br>Шығармашылық жұмыс «Зымыран»<br>Балалар топқа бөліп отырғызу.<br>2-топ:Зымыранды ермексазбен толықтырып мүсіндеу.<br>3-топ Зымыран суретін бөліктерін желіммен жапсыру.<br>**Қауіпсіздік сабағы**<br>Тақырыбы: «Үйдегі қауіпсіздік ережесі тақырыбында әңгіме жүргізу. Видеоролик арқылы балаларға түсіндіру. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге киіну ережесін айту,аяқ киімдерінің бауларын байлауға үйрету. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі | Аяқ киімдерін дұрыс оң-сол жағын ажыратып киюді үйрету (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Аяқ киімдерін дұрыс киюді қадағалау. (Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) | Серуенге дайындық кезінде киіну барысында реттілік киінуді үйрету. (Дербес қимыл –топ: белсенділігі, өзіне-өзі | Сыртқы киімдерінің түймелерін дұрыс тағуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі, өзіне-өзі қызмет ету) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызмет ету) | | | қызмет ету) | |
| **Серуен** | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафтарына киімдерін салып, шкафтарын таза жинау. Қолдарын сабынмен жуғызу, қол орамалды колдануға үйрету. | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыруға, өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. | Серуеннен келген соң гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. | Сырттан келген аяқ киімдерін дұрыс қоюға қадағалау. | Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қадағалау.<br>**Үнемді тұтыну:**<br>Гигиеналық шараларды орындау барысында жарықты үнемді пайдалануды айту. |
| **Түскі ас** | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, Тамақты асықпай, төкпей, ұқыпты ішу керектігін еске түсіру;тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп,тамақтан соң алғыс айтады.<br>(Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Сәбіз жесек бойымыз<br>Керікке де жетеді<br>Дәрумендер себебі<br>Бізге керек етеді. | **«Үнемді тұтыну»**<br>Топтағы электр жарығын үнемді пайдалану.<br>«Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, Тамақтану мәдениетін сақтауға үйрету<br>(Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Асқа адалдық берсін!<br>Денге саулық берсін!<br>Дастарханға байлық берсін! | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару қажет, тамақтан соң алғыс айтады. ( Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Тазалықта досыңдай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрек әрдайым<br>Жақсы болар жағдайың. | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, Тамақты асықпай, төкпей, ұқыпты ішу керектігін еске түсіру;тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп,тамақтан соң алғыс айтады.<br>(Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Ақ түсім бар қант алар,<br>Қызыл түсім - қанға нәр.<br>Ал, балақай біліп қой,<br>Қызылшамын пайдам бар. | «Ас адамның арқауы»<br>Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.<br>(Мәдени гигеналық дағдылар,көркем сөзді қайталау.)<br>Пейіліңе қонақжай<br>Бата берем қолыңжай<br>Ақжарылған жүрегің<br>Қабыл болсын тілегің! |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | **Көркем әдебиет** «Піл мен тышқан» ертегісін оқып беру. | **Музыка***** «Бесік жыры» әнін қосып, балаларды ұйықтату. | **Көркем әдебиет** «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. | **Музыка***** «Балапаным» әнін қосып, балаларды ұйықтату. | **Көркем әдебиет** «Қасқыр мен кірпі» ертесін оқып беру. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ояну жаттығу кешені №15 | Ояну жаттығу кешені №15 | Ояну жаттығу кешені №15 | Ояну жаттығу кешені №15 | Ояну жаттығу кешені №15 |
| **Бесін ас** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Ыдыс түрлерін дұрыс пайдалануға үйрету. | Өзіне-өзі қызмет көрсету. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. | Бесін астың ас мәзірімен таныстыру, тағамдардың пайдасы туралы әңгімелеу. | Бесін астың ас мәзірімен таныстыру, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.. | Өзіне-өзі қызмет көрсету Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, тамақтану ережесін түсіндіру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Құрастыру, музыка***** Ойын әрекеті: «Қызғалдақ» Шарты: Балалар суретке асықтардан қызғалдақ құрастыру. «Ана»әнін қайталау | **Құрастыру, сурет салу** Бастырма суретті бояу. Дайын боямақтарды өз қалаулары бойынша бояйды. Ойын: «Әжемнің алашасы» Шарты: Балалар суретке асықтардан алаша құрастыру. | **Құрастыру,музыка***** Ойын әрекеті: «Ұзын көпір» Шарты: Балалар суретке асықтардан үй құрастыру. «Менің әжем»әнін қайталау. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.** Ойын: «Менің отбасым» Шарты: Берілген карточкадағы отбасы мүшелерін сипаттап, көлеңкесіне орналастыру. | **Математика негіздері, музыка***** Логикалық ойын: «Заттарды түсімен топтастыру» Шарты: Берілген карточкадан суреттерді атап,сызық арқылы заттарды түсімен топтастыру. Шарты: «Наурыз көктем»әнін қайталау |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын білуге жетілдіру. | Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыруға талпындыру. | Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасауға, оларды кезектестіріп ретімен желімдеуге | Қағаз парағын түрлендіруге, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру. | Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізуге, өзінің әділ пікірін білдіруге талпындыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыландыру. | | |
| Серуенге дайындық | Киіну ережесін сақтауды қадағалау. | Сыртқы киімдерінің түймелерін дұрыс тағуға үйрету | Аяқ киімдерін оң киюді қадағалау. | Аяқ киімдерінің бауларын дұрыс байлап киюге үйрету. | Өзіне-өзі қызмет көрсетуді үйрету. Киімдерін өз бетінше киюге үйрету. |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Хан талапай» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Сақина жасыру» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Қыз қуу» | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Күш сынасу» |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Медбике кеңесі: «Витаминдер» | Ата-аналарға кеңес: «Балалармен шығармашылық жұмыс жасау» | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Балалармен үйде ертегі айтып, талдауға кеңес беру. | Дәргер кеңесі: «Дәрімендердің пайдасы» |

Scanned with CamScanner